



**ҚАЛАЛЫҚ ОНЛАЙН «ДАЛА ӨРНЕКТЕРІ»  
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКЕМЕЛЕРІ  
АРАСЫНДА БИ ҰЖЫМДАРЫНЫҢ  
БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ**

**Өткізілу мерзімі, орны:** 25-29 қаңтар 2022 жыл

**Мақсаттары мен міндеттері:**

жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында ұлттық би өнерінің танымды болуын насихаттау, оқушылардың хореографиялық қабілеттерін дамыту, қатысушылардың шығармашылық жетістіктерімен алмасуы, орындаушылар мен ұжымдардың творчестволық қарым-қатынастарын орнату, дарынды балаларды анықтау.

**Байқауға қатысушылар:**

Байқау келесі жас аралығында жүргізіледі: 7-9 жас – кіші топ; 10-13 жас – орта топ; 14-17 жас – ересек топ

**Байқауға қатысу шарттары мен талаптары:**

1 би - Қазақ биі, сапалы бенежазба түсіріп жіберу.

Ұжымдық топтарда 20 -24 қатысушыдан аспауы керек.

Байқаудың қорытындысы жас аралық топтар бойынша қаралады: кіші, орта, ересек.

**Биді бағалау өлшемдері:**

орындаушылық шеберлік деңгейі, композициялық құрылымы, музыкалық және хореографиялық материалдарды таңдап алуы, сәйкестігі, сахналық мәдениеті, қатысушының әртістілігі, көркемдік образды аша білуі.

Қазылар алқасының құрамы хореография саласындағы жетекші мамандардан құрылады. Қазылар шешімі түпкілікті, қайта қарауға жатпайды.

Байқаудың жеңімпаздары диплом және мақтау қағаздарымен марапатталады.

Байқауға биді бейнежазбаға түсіріп You Tube каналына орналастырып сілтемесін, өтініштерін, туу туралы куәліктің көшірмесін 2022 жылдың қаңтар айының 25-не дейін <https://dms11-astana.kz/kalaly-respublikaly-baj-aular> сайтына тапсыруға тиіс. Сайтқа берілген өтінім автоматты түрде өтінім қабылданғанын жазады! **(Сіздің өтінішіңіз жіберілді.)**

(төменде өтінім үлгісі беріледі) 25ші қаңтардан кешіккен өтінімдер қабылданбайды. Байқау нәтижесі 1 ақпан күні, 1\_dms11 инстаграм парақшасында жарияланады.

**Өтінім үлгісі**

<b>Мектеп</b>	
<b>Топ атауы,</b>	
<b>Жас ерекшелігі</b>	
<b>Бағдарлама</b>	
<b>Жетекшісі, тел нөмірі, электронды мекен-жайы</b>	

Мекен-жайымыз: Нұр-Сұлтан қаласы, Желтоқсан 36.

тел/факс: 8 (7172) 31-43-86 **Жауаптылар: Оралбаева Ж.Ш. Секербек Б.М.**